

БӨЛІМ: UNIVER / ҚАЗҰҚПУ / СТУДЕНТ

Көрермен мен орындаушы арасындағы мәдени диалог: акустикалық өнер кеші

ЖАРИЯЛАНДЫ 16.12.2025	ТІРЕК СӨЗДЕР acoustic performance, aesthetic perception, audience, cultural communication, cultural dialogue, emotional connection, performer, акустикалық өнер кеші, көрермен, мәдени диалог, мәдени коммуникация, орындаушы, эмоциялық байланыс, эстетикалық қабылдау	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/185896/
---------------------------------	---	---

Асанқызы Аймира

Ақжан Нұрайлым

6B11102-Мәдени тынығу жұмысы БББ 3 курс студенттері

Ғылыми жетекші: **Смағұлов Мирас Әлібекұлы**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада акустикалық өнер кештері аясында көрермен мен орындаушы арасындағы мәдени диалогтың мәні мен маңызы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – тірі музыкалық орындау барысында қалыптасатын эмоциялық, эстетикалық және мәдени өзара әрекеттестіктің ерекшеліктерін анықтау. Мақалада Swarbrick et al. (2019) және Chabin et al. (2022) ғылыми еңбектеріне негізделген салыстырмалы талдау жүргізіліп, көрерменнің эмоциялық қабылдауы, эстетикалық әсері және мәдени синхрондылығы талданады. Зерттеу нәтижелері акустикалық өнер кештерінде көрермен мен орындаушы арасында терең эмоциялық байланыс пен мәдени түсіністік қалыптасатынын дәлелдейді. Сонымен қатар, өнер кештері мәдениетаралық коммуникацияны нығайтатын маңызды әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде сипатталады. Мақала қорытындысында акустикалық өнердің қоғамдағы мәдени диалогты дамытудағы рөлі айқындалады.

Түйінді сөздер: акустикалық өнер кеші, мәдени диалог, көрермен, орындаушы, эмоциялық байланыс, эстетикалық қабылдау, мәдени коммуникация.

Аннотация. В данной статье рассматривается культурный диалог между зрителем и исполнителем в рамках акустических музыкальных вечеров. Основной целью исследования является выявление особенностей эмоционального, эстетического и культурного взаимодействия, возникающего в процессе живого музыкального исполнения. В работе проведён сравнительный анализ научных исследований Swarbrick et al. (2019) и Chabin et al. (2022), посвящённых эмоциональному восприятию, эстетическим реакциям и феномену межмозговой синхронизации аудитории во время живой музыки. Результаты исследования показывают, что акустические концерты способствуют формированию глубокой эмоциональной связи и культурного взаимопонимания между зрителем и исполнителем. Кроме того, акустическое искусство рассматривается как важный инструмент развития межкультурной коммуникации и социально-культурного взаимодействия.

Ключевые слова: акустический вечер, культурный диалог, зритель, исполнитель, эмоциональная связь, эстетическое восприятие, культурная коммуникация.

Abstract. This article examines the cultural dialogue between the audience and the performer within the context of acoustic music events. The main objective of the study is to identify the emotional, aesthetic, and cultural aspects of interaction that emerge during live musical performance. A comparative analysis of the studies by Swarbrick et al. (2019) and Chabin et al. (2022) is conducted, focusing on emotional perception, aesthetic responses, and interbrain synchrony among audience members during live music. The results demonstrate that acoustic performances foster deep emotional connections and cultural understanding between the performer and the audience. Furthermore, acoustic art is viewed as a significant medium for enhancing intercultural communication and socio-cultural interaction in contemporary society.

Keywords: acoustic performance, cultural dialogue, audience, performer, emotional connection, aesthetic perception, cultural communication.

КІРІСПЕ

Акустикалық өнер кештері көрермен мен орындаушы арасындағы байланыстың ең табиғи әрі шынайы формасын қалыптастыратын ерекше мәдени кеңістік болып табылады. Мұндай кештерде дыбыс техника арқылы жасанды өңдеуден өтпей, табиғи қалпында жеткізіледі. Осы себепті көрермен музыканы тек есту арқылы емес, эмоциялық, сезімдік және рухани деңгейде толық қабылдайды. Орындаушының дауыс тембрі, тынысы, сахнадағы қозғалысы, ішкі толғанысы тікелей көрерменнің эмоциялық әлеміне әсер етіп, екі тарап арасында ерекше рухани байланыс орнайды. Көрермен акустикалық кеш барысында тек тыңдаушы ғана емес, шығармашылық процестің белсенді қатысушысына айналады. Оның эмоциялық реакциясы, көңіл күйі, ықыласы

орындаушының орындау мәнеріне, шығармашылық жігеріне тікелей ықпал етеді. Орындаушы да көрерменнің ішкі күйін сезіне отырып, музыкалық туындыны әр кеште әртүрлі интерпретацияда ұсынады. Осы өзара әрекеттестік арқылы өнер біржақты ықпал ету құралы емес, екіжақты рухани алмасу процесі ретінде көрініс табады [1].

Акустикалық өнер кештеріндегі мәдени диалогтың тағы бір маңызды ерекшелігі — оның шынайылығы мен сенімділігінде. Орындаушы көрерменнің алдында ешқандай жасанды бейне қалыптастырмай, өзінің ішкі жан дүниесін, эмоциялық күйін ашық түрде жеткізеді. Ал көрермен сол сәттегі орындаушының сезімдік күйін шынайы қабылдап, оған жауап ретінде ішкі толғанысын қалыптастырады. Осы үдеріс мәдени коммуникацияның сенімге негізделген ерекше формасын тудырады. Мұнда көрермен мен орындаушы арасында жасырын емес, ашық рухани байланыс орнайды. Сонымен қатар акустикалық өнер кештері мәдени кеңістіктегі әлеуметтік байланыстарды да күшейтеді. Бір музыкалық кеңістікте жиналған көрермендер ортақ эмоциялық тәжірибені бірге бастан өткереді. Бұл ортақ сезім адамдар арасында рухани жақындықты қалыптастырып, әлеуметтік шекараларды жояды. Әртүрлі әлеуметтік ортадан келген адамдар бір музыка арқылы ортақ күй кешіп, бір-біріне түсіністікпен қарай бастайды [2]. Осы тұрғыдан алғанда акустикалық өнер кештері тек жеке эмоциялық тәжірибе емес, ұжымдық мәдени сезімнің қалыптасу алаңы ретінде де сипатталады.

Акустикалық өнердің тағы бір маңызды қыры — оның мәдениетаралық коммуникациядағы рөлі. Музыка тілінің әмбебаптығы түрлі мәдени ортадағы адамдардың бір-бірін сөзсіз түсінуіне мүмкіндік береді. Әр халықтың музыкалық дәстүрі, дыбысқа деген эстетикалық талғамы әртүрлі болғанымен, акустикалық орындау кезіндегі шынайы эмоция барлық мәдени кеңістікте бірдей қабылданады. Осылайша, акустикалық өнер кештері мәдени айырмашылықтарды жақындататын, рухани үндестік қалыптастыратын әмбебап диалог алаңына айналады.

Акустикалық өнер кештеріндегі көрермен мен орындаушы арасындағы өзара байланыс соңғы жылдары шетелдік ғылыми зерттеулердің маңызды нысанына айналып отыр. Әсіресе тірі музыкалық орындаудың адам психикасына, эмоциялық күйіне және мәдени қабылдауына әсерін эксперименттік тұрғыда дәлелдеуге бағытталған еңбектердің саны артуда. Солардың ішінде Swarbrick және әріптестерінің (2019) зерттеуі тірі музыка мен жазба музыканы қабылдау арасындағы айырмашылықты нақты деректер арқылы көрсететін маңызды еңбектердің бірі болып табылады. Аталған зерттеуде көрермендердің тірі музыка тыңдау кезіндегі қимыл-қозғалыс белсенділігі, дене реакциялары және эмоциялық жауаптары арнайы құралдар арқылы өлшенген. Нәтижесінде тірі орындау кезінде көрермендердің бас қозғалысы, ырғаққа икемделуі, эмоциялық сергектігі жазба музыканы тыңдаумен салыстырғанда айтарлықтай жоғары екені анықталған. Бұл көрініс тірі музыканың адамға тек есту арқылы ғана емес, бүкіл

эмоциялық және психофизиологиялық жүйе арқылы ықпал ететінін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда акустикалық өнер кештері көрермен мен орындаушы арасында тек эстетикалық әсер емес, терең эмоциялық үндестік тудыратын мәдени диалог алаңы ретінде сипатталады [3].

Ал Chabin және әріптестері (2022) жүргізген зерттеу акустикалық өнер кештеріндегі көрермендер арасында пайда болатын межемозгтік синхрондылық құбылысын зерттеуге бағытталған. Ғалымдар тірі музыка тыңдау барысында көрермендердің ми белсенділігі белгілі бір сәттерде өзара сәйкес келетінін, яғни ортақ эмоциялық тәжірибе адамдардың неврологиялық деңгейде де бір-бірімен байланысуына ықпал ететінін анықтаған. Бұл құбылыс ортақ ләззат сезімі мен эмоциялық әсер күшейген сайын көрермендер арасындағы синхрондылықтың да арта түсетінін көрсетеді. Осылайша, акустикалық өнер кештері тек көрермен мен орындаушы арасындағы ғана емес, көрермендердің өзара арасындағы да терең рухани байланыс орнататын ұжымдық мәдени кеңістікке айналады. Бұл екі зерттеу нәтижелерін салыстырмалы тұрғыда қарастыру акустикалық өнер кештеріндегі мәдени диалогтың көпқырлы табиғатын айқындауға мүмкіндік береді. Swarbrick еңбегінде тірі музыканың жеке тұлғаның эмоциялық әлеміне әсері басым қарастырылса, Chabin зерттеуінде ұжымдық эмоциялық тәжірибе мен әлеуметтік үндестіктің нейрофизиологиялық негіздері талданады. Осы екі бағыт біріге отырып, акустикалық өнер кештеріндегі мәдени диалогтың тек жеке қабылдаумен ғана шектелмей, ұжымдық сезім мен ортақ рухани кеңістікті қалыптастыратын күрделі әлеуметтік-мәдени феномен екенін дәлелдейді. Сонымен қатар бұл зерттеулер көрермен мен орындаушы арасындағы байланысты біржақты ықпал ету емес, өзара динамикалық алмасу процесі ретінде сипаттайды. Орындаушының эмоциялық күйі көрерменге әсер етсе, көрерменнің эмоционалдық реакциясы орындаушының орындау стиліне, шабыт деңгейіне ықпал етеді. Осы үздіксіз алмасу нәтижесінде өнер кеші бір сәттік музыкалық әрекет емес, мәдени диалогтың тірі процесіне айналады [4].

Акустикалық өнер кештеріндегі мәдени диалог күрделі көпқабатты құрылым ретінде сипатталады және ол бірнеше өзара тығыз байланысты компоненттерден тұрады. Ең алдымен, бұл үдерістің негізінде эмоциялық байланыс жатыр. Тірі орындау барысында пайда болатын эмоциялық әсер көрерменнің ішкі жан дүниесіне тікелей ықпал етеді. Музыканың әуені, дауыс тембрі, орындаушының сахнадағы күйі көрерменнің көңіл күйімен ұштасып, ортақ сезімдік кеңістік қалыптастырады. Эмоциялық байланыспен қатар эстетикалық қабылдау мәдени диалогтың екінші маңызды деңгейін құрайды. Көрермен музыкалық туындыны тек сезім арқылы ғана емес, өзінің эстетикалық талғамы, көркемдік тәжірибесі, музыкалық білімі арқылы да қабылдайды. Әр көрерменнің музыканы қабылдау деңгейі әртүрлі болғанымен, акустикалық орындаудың шынайылығы эстетикалық әсерді күшейте түседі [5]. Орындаушы ұсынған музыкалық интерпретация көрерменнің сана-сезімінде көркем бейне ретінде қалыптасып, оның эстетикалық дүниетанымын кеңейтеді.

Мәдени диалогтың келесі маңызды қабаты — мәдени тәжірибе. Әрбір көрермен өнер кешіне өзімен бірге өзінің ұлттық мәдениеті, өмірлік тәжірибесі, рухани құндылықтары мен дүниетанымын ала келеді. Музыкалық туынды осы жеке мәдени тәжірибелермен ұштасып, жаңа мағынаға ие болады. Орындаушы да өз шығармашылық болмысы арқылы белгілі бір мәдени кеңістіктің өкілі ретінде сахнаға шығады. Осы екі мәдени әлемнің түйісуі нәтижесінде көрермен мен орындаушы арасында мәдени алмасу үдерісі жүзеге асады. Бұл алмасу өнердің тек эстетикалық құбылыс емес, мәдениеттерді тоғыстыратын әлеуметтік құрал екенін айқындайды [6].

Мәдени диалог құрылымының ең жоғары деңгейі — өзара түсіністік пен рухани үндестік. Эмоциялық әсер, эстетикалық қабылдау және мәдени тәжірибе өзара сабақтаса отырып, көрермен мен орындаушы арасында терең сенім мен рухани жақындықты қалыптастырады. Бұл деңгейде көрермен орындаушыны тек өнер иесі ретінде ғана емес, рухани әлемі жақын тұлға ретінде қабылдай бастайды. Ал орындаушы көрерменнің ішкі реакциясын сезіне отырып, оның көңіл күйімен үндесуге ұмтылады. Нәтижесінде мәдени диалог тек өнер төңірегіндегі қарым-қатынас емес, адамаралық рухани байланыс деңгейіне көтеріледі.

Акустикалық өнер кештерінің жастар тәрбиесіндегі орны ерекше. Жастар тірі музыкалық орындауды қабылдау арқылы өнерге деген қызығушылығын арттырып, эстетикалық мәдениетін қалыптастырады. Жанды дыбысты тыңдау барысында жас ұрпақ музыкаға тұтынушылық көзқараспен емес, рухани құндылық ретінде қарай бастайды. Бұл олардың көркемдік талғамын жетілдіріп қана қоймай, ұлттық және әлемдік мәдени мұраға деген құрметін арттырады. Сонымен қатар акустикалық кештер жастардың эмоциялық интеллектісін дамытуға, өз сезімін түсініп, өзгелердің эмоциясын қабылдай білуіне ықпал етеді.

Аталған өнер кештері қоғамдағы әлеуметтік байланыстардың нығаюына да тікелей әсер етеді. Бір музыкалық кеңістікте жиналған адамдар ортақ эмоциялық күйді бірге бастан өткізеді отырып, бір-біріне рухани тұрғыда жақындай түседі. Бұл процесс әлеуметтік ортадағы сенімділік деңгейін арттырып, адамдар арасындағы түсіністік пен сыйластықты күшейтеді. Музыка арқылы қалыптасатын ортақ эмоциялық тәжірибе қоғамдағы әлеуметтік жіктер арасындағы шекараларды жұмсартып, адамдарды рухани тұрғыда біріктіреді [7].

Акустикалық өнер кештерінің маңызды қырларының бірі — олардың мәдениетаралық диалогты дамытудағы рөлі. Музыканың әмбебап тіл ретінде барлық халықтарға бірдей түсінікті болуы әртүрлі мәдени ортадан келген адамдардың өзара түсінісуіне жағдай жасайды. Әртүрлі ұлт өкілдері бір өнер кеңістігінде тоғысып, ортақ эмоциялық әсер арқылы мәдени айырмашылықтарды тереңірек түсіне бастайды. Бұл өз кезегінде толеранттылық, өзара құрмет пен мәдени ашықтық сияқты құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар акустикалық өнер кештері қазіргі жаһандану

жағдайында ұлттық мәдениетті сақтаудың да маңызды құралына айналып отыр. Дәстүрлі музыкалық аспаптарда орындалатын шығармалар, ұлттық әуендер мен халықтық сарындар көрерменнің тарихи жадысын жаңғыртып, ұлттық болмысқа деген қызығушылығын арттырады. Бұл өнер кештері арқылы ұлттық мәдениет қазіргі заманғы мәдени кеңістікпен үйлесім тауып, жаңа мазмұнмен толығады.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу аясында “Көрермен мен орындаушы арасындағы мәдени диалог: акустикалық өнер кеші бойынша зерттеулер жүргізілді. Зерттеуде акустикалық өнер кештерінің көрермен тарапына қалай әсер ететінін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнаманың негізгі сұрақтары акустикалық кештің ерекшелігін, көрермен мен орындаушы арасындағы өзара байланыс деңгейін бағалауға негізделді.

Сауалнама жүргізу онлайн форматта өтті, оған 54 респондент қатысты. Оның ішінде 35 респондент-18+ жастағы жандарды құраса, 19 респондент-30+ жастағы орта буын өкілдері болды.

Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 52,4%-ы акустикалық кештің басты ерекшелігі ретінде дыбыстың табиғилығы мен жасандылықтың болмауын атап өтті. Ал 31,7%-ы мұндай кештердің негізгі құндылығы ретінде эмоциялық жақындық пен шынайы атмосфераны көрсеткен. Қалған 15,9% қатысушы акустикалық форматты әр орындаудың өзіндік ерекшелігі бар екенін, акустикалық кешті-шығармашылық еркіндігі жоғары өнер кеңістігі ретінде қабылдайтынын атап өткен. Бұл деректер акустикалық кештердің көрермен үшін ең алдымен таза, шынайы өнер формасы ретінде қабылданатынын көрсетеді.

Сауалнамада респонденттерге көрермен мен орындаушы арасындағы мәдени диалогтың қалыптасу деңгейін де бағалауын сұрадық. Нәтижелерге сәйкес, қатысушылардың 64,8%-ы акустикалық кештерде бұл байланысты өте күшті сезінетінін айтса, 27,3%-ы байланыс орташа деңгейде, бірақ анық байқалатынын атап өтті. Тек 7,9% респондент ғана бұл байланысты әлсіз деп бағалаған. Мұндай жоғары оптимистік тұрғыдағы көрсеткіш-акустикалық кештің көрермен мен орындаушы арасындағы тікелей эмоциялық байланыс орнатуға көмек беретінін дәлелдейді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында акустикалық өнер кеші ұйымдастырылып, қарапайым форматта акустикалық кеш өткізілді. Оған шамамен 80 көрермен қатысты. Көрермендердің басым бөлігін университет қабырғасындағы студенттер, оқытушылар және жас өнерсүйер қауым құрады. Акустикалық кештің форматы, таңдалуы көрермен мен орындаушы арасындағы эмоционалдық байланыс орнатуға, техникалық құралдардан бас тартып, шынайы эмоция туғызуға, музыкалық мазмұнды шынайы қабылдауға мүмкіндік берді. Кешке көрермендер белсенді қатысып, орындаушылармен эмоционалдық қарым қатынас орнатты. Бұл өз кезегінде мәдени диалогтың

қалыптасқанын көрсетті.

Акустикалық кеш аяқталған соң көрермендердің пікірін білу мақсатында кері байланыс ұйымдастырылды. Ол үшін арнайы пікір қалдыру тақтайшасы орнатылып, қатысушылар өз әсерлерін еркін түрде білдіруге мүмкіндік алды. Алынған мәліметтер кеш туралы көрерменнің ойын білуге мүмкіндік берді. Кешке қатысушылардың шамамен 12%-ы кештің өзіне жай ғана ұнағанын атап өткен. 35%-ы іс-шарадан кейін сергіп, жағымды эмоциялық күйде қайтқанын білдірген, ал қатысушылардың басым бөлігі 54%-ы осындай акустикалық өнер кештерінің жиі ұйымдастырылуын қолдайтынын және сұраныс бар екенін көрсеткен. Бұл деректер акустикалық кештің көрерменге тек қысқа мерзімде әсер беріп қана қоймай, эмоциялық жақындық сыйлайтынын дәлелдейді. Бұл зерттеу өз кезегінде көрермендердің көпшілігі мұндай форматтағы өнер іс-шараларын қоғамдық-мәдени қажеттілік деп санайтыны анықталды. Сонымен қатар алынған нәтижелер көрермен мен орындаушы арасындағы мәдени диалогтың тиімді жүзеге асатынын және оның эмоционалдық, коммуникативтік ықпалын айқын көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер акустикалық өнер кештерінің көрермен қабылдауында маңызды орын алатынын және олардың мәдени диалогты нығайтатын тиімді құрал ретінде қызмет ететінін көрсетеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жүргізілген теориялық талдау мен ғылыми зерттеулерге шолу, сауалнама жүргізу, практикалық тұрғыдан бақылау нәтижелері акустикалық өнер кештерінің көрермен мен орындаушы арасындағы мәдени диалогты қалыптастырудағы айрықша ролін айқын көрсетеді. Тірі музыкалық орындау барысында пайда болатын эмоциялық үндестік, эстетикалық әсер және мәдени тәжірибенің тоғысуы екі тарап арасында терең рухани байланыс орнатуға негіз болады. Swarbrick және Chabin еңбектеріне сүйенген талдау акустикалық өнердің адамның эмоциялық әлеміне ғана емес, ұжымдық мәдени сезім мен әлеуметтік үндестікке де ықпал ететін күрделі феномен екенін дәлелдейді, өйткені тірі музыка көрермен мен орындаушы арасында ғана емес, аудиторияның өз ішінде де ортақ эмоциялық кеңістік қалыптастырып, мәдени бірігу үдерісін күшейтеді. Акустикалық өнер кештері қазіргі қоғамда рухани құндылықтарды жаңғыртудың, жастардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың және ұлттық мәдениетті заманауи кеңістікке бейімдеудің маңызды құралына айналып отыр, сондай-ақ адамдар арасындағы сенім, өзара құрмет, эмоциялық жақындық сияқты гуманистік құндылықтардың нығаюына және музыка тілінің әмбебаптығы арқылы мәдениетаралық диалогтың дамуына кең мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. *Small C. Musicking: The meanings of performing and listening. – Middletown (CT):*

- Wesleyan University Press, 1998. – 230 p.*
2. *Turino T. Music as social life: The politics of participation. – Chicago: University of Chicago Press, 2008. – 258 p.*
 3. *Swarbrick D., Bosnyak D., Livingstone S. R., Bansal J., Marsh-Rollo S., Woolhouse M. H., Trainor L. J. How Live Music Moves Us: Head Movement Differences in Audiences to Live Versus Recorded Music // *Frontiers in Psychology*. – 2019. – Vol. 9. – Article 2682. – DOI: 10.3389/fpsyg.2018.02682.*
 4. *Chabin T., Gabriel D., Comte A., Pazart L. Audience Interbrain Synchrony During Live Music Is Shaped by Both the Number of People Sharing Pleasure and the Strength of This Pleasure // *Frontiers in Human Neuroscience*. – 2022. – Vol. 16. – Article 855778. – DOI: 10.3389/fnhum.2022.855778.*
 5. *Juslin P. N., Västfjäll D. Emotional responses to music: The need to consider underlying mechanisms // *Behavioral and Brain Sciences*. – 2008. – Vol. 31, № 5. – P. 559–621.*
 6. *Huron D. Sweet anticipation: Music and the psychology of expectation. – Cambridge (MA): MIT Press, 2006. – 462 p.*
 7. *DeNora T. Music in everyday life. – Cambridge: Cambridge University Press, 2000. – 180 p.*

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.